



# SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

September 2015

Article Arrival Date: 22.07.2015

Published Date: 25.09.2015

Vol 1/ Issue 1 / pp: 25-27

## «Ыстықкөл» Туристік Нысанының Географиялық Ерекшелігі

Geographical Characteristics Of "Issik Kul" Touristic Facilities

"Issik Kul" Turistik Tesislerinin Coğrafi Özellikleri

Rasulova Nazgul KERİMBAEVNA

Kyrgyzstan's Intercountry University, Kyrgyzstan

Mahaşeva Aigerim SANSIZBAEVNA

Kyrgyzstan's Intercountry University, Kyrgyzstan

Aigujina Saniya URINGALİEVNA

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Kyrgyzstan

### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «Ыстықкөл» туристік нысанының географиялық ерекшелігіне сипаттама берілген. Ыстықкөл көлінің географиялық орналасуына және геоморфологиялық құрлысының қалыптасу айырмашылығын талқылай келе, туристік нысанының шипалы аймақ екендігі атап көрсетілген. Сонымен қатар, Ыстықкөл көлінің аумағындағы қорықтар мен көркем жерлердің географиялық жағдайлары туралы қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** Тянь-Шань, Ыстықкөл, Шолпан-Ата, Ыстық-ата, Жетіөгіз, Алтын- Арашан, туризм, геология, тектоника, ландшафт, топоним, минералды бұлақ.

### ÖZ

Bu çalışmanın amacı, Kırgızistan'daki Issık-Kul Gölü'nün coğrafi özellikleri, turizm rekreasyon alanları, doğal güzelliklerini açıklamaktır. Morfolojik yapısı ve Issık-Kul Gölü'nün coğrafi konumu oluşumunda farklılıklar tartışılması, turizm için özel bölge olduğu ve Kırgızistan turizmi ekonomisinin geleceği için Issık-Kul Gölü'nün rolü belirlenmiştir.

**Anahtar Kelimeler:** Tien-Shan, Issık-Kul, Cholpon-Ata, Issık-Ata, Jetiögiz, Altın Araşan, turizm, jeoloji, tektonik, peyzaj, toponim, maden suyu.

### ABSTRACT

The aim of this study is to explain the geographical features of Issyk Kul Lake in Kyrgyzstan, tourism recreation areas, natural beauty. The role of Issyk Kul Lake for the future of Kyrgyzstan's tourism economy has been determined, as the morphological structure and discussion of the differences in the formation of the geographical position of Issik-Kul Lake is a special region for tourism.

**Keywords:** Tien-Shan, Issyk-Kul, Cholpon-Ata, Issik-Ata, Jetiogiz, Gold Araşan, tourism, geology, tectonics, landscape, toponim, mineral water.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан халықаралық саудадағы қызмет көрсетулердің бірі. Қазіргі туризм халықтың жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуымен байланысты, мұның өзі адамның демалуға және бос уақытын өткізуге деген негізгі құқығын тану болып табылады. Ол жеке адамды және халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамытудың факторына айналды. Біз бұл мақаламызда Қырғызстан жерінде орналасқан «Ыстықкөл» туристік нысанының географиялық ерекшелігіне тоқталуды жөн көрдік. Қырғыз жері, негізінен, таулы болып келеді, мұнда Тянь-Шань тауының ең биік нүктесі — 7439 метрлік Жеңіс шыңы орналасқан. Бір-бірінен кең тауаралық аңғарлар - Шу, Ыстықкөл, Талас арқылы бөлініп жатқан тау жоталары басым түрде ендік бағытта орналасады.

Олардың геологиялық-тектоникалық құрылысы, ландшафтылық сипаты өте күрделі. Қырғыз жерінің 95%-дан астам бөлігі теңіз деңгейінен 1000 м биікте орналасқан, ал оның 40%-дан

артық бөлігі 3000 м биіктікте жатыр. Биік таулы жер бедері мен соған сәйкес қалыптасатын табиғат жағдайлары елдің экономикасын өркендетуге күшті әсерін

Таулы жер бедері ауа температурасы мен ылғалдың таралуына өте күшті ықпал етеді. Мұндай жағдай топырақ-өсімдік жамылғысының өте күрделі құрылымын қалыптастырады. Әсіресе бұл жағдай биік тауларда өте айқын байқалады. Сондықтан елдің табиғат жағдайы демалушылар үшін ыңғайлы. Оңтүстік-батыс Тянь-Шаньның сұр топырағында көктемдік бір жылдық және көп жылдық өсімдіктер - қоңырбас, құмқияқ, таспа, т.б басым.. Шығыс Тянь-Шаньда қылша, кей жерлерінде сексеуіл тоғайлары, қалған бөлігінде жусан мен сораң өседі. Тауалды өңірінің жоғары бөлігін солтүстікте 1600–2100 м, Шығыс Тянь-Шаньның оңтүстік беткейлерінде 2200 метрге дейін шөлейт алады. Бозғылт сұр топырақта жусанды-селеулі-сораңды өсімдік топтары өседі. Батыс Тянь-Шаньның солтүстік беткейлерін 1000–1200 метрден 2500–2600 метрге дейін, шығыс Тянь-Шаньның оңтүстік беткейлерін 1800 метрден 3000 м биіктікке дейінгі аралықтағы қызғылт қоңыр және қоңыр топырақта астық тұқымдас түрлі шөптесін дала өсімдіктері селеу, бетеге, өлең өседі. Орман тұтас белдеу құрамайды, солтүстік беткейлерде дала және шалғын алқаптарымен кезектесіп келеді. Төменгі өңірде орманның сұр топырағында жабайы жеміс ағаштары мен ұсақ жапырақты ағаштар өседі. Оңтүстік-батыс Тянь-Шаньда шоқ-шоқ болып өскен жаңғақ, жеміс ормандары таралған. 2000 метрден жоғарыда қылқан жапырақты ормандар шырша, майқарағай өседі. Субальпі және альпі шалғындары негізінен 3000–3200 метрден жоғары солтүстік беткейлерді қамтиды. Орталық Тянь-Шань сырттарын суық шөл алып жатыр. 3600–3800 м биіктікте гляциалды-нивальды, мұзды-қарлы белдеу басталады. Жоғарғы биіктіктегі ішкі тұйық қазаншұңқырларға тастақты шөл, шөлейт және құрғақ дала ландшафты сипатты [1].

Ыстықкөл — Қырғызстан жерінде теңіз деңгейінен 1608 м биіктікте Солтүстік Тянь-Шаньдағы Күнгеі Алатау мен Теріскей Алатау тау жоталарының аралығында Ыстықкөл қазаншұңқырында орналасқан тұйық көл. Дүние жүзіндегі ірі тау көлдерінің бірі. Жалпы ауданы 6280 км<sup>2</sup>, көлемі – 1738 км<sup>3</sup>, ұзындығы 182 км-ге созылып жатыр. Бұрын оны Цинчжи және Дацинчжи (қытайша «мөлдір» және «үлкен мөлдір»), Суйе көлі, Жехай, Яньхай деп атаған екен, бұл да қытай тілінен аударғанда «Шу өзенінің көлі», «ыстық немесе жылы», «тұзды» дегенді білдіреді. Ыстықкөл қырғызша Ысык-Көл. Тұзкөл немесе Тұзкөл-Нор (түркі және монғолша «тұзды көл»). Қытай деректеріне сүйенетін болсақ, VII ғасырдың бастап жергілікті халық оны Ыстықкөл деп атаған екен. Көлдің қазіргі атауы екі түрлі түсіндіріледі. Бірінші нұсқасы, әжептеуір белгілі нұсқа. Ол түркі тілдеріндегі «ыстық, ыссы, ысық, иссык» деген сөздерге, яғни «ыстық, жылы» дегенді білдіретініне саяды. Өйткені ол қыста қатпайды ғой. Екінші нұсқа бойынша бұрындары жергілікті халық көлді қасиетті санап, оған кір жуып, балық ауламаған екен, тіпті суға да түспепті. Көл киелі саналып, оған тиісуге тыйым салынған. Бұл жағдайда топонимге негіз болған сөз - көне түркі «идук» немесе «ытық» («киелі») сөздері.

Екі нұсқаның да өмір сүруіне құқығы бар. Көлдің ең көне атауы – Тяньчи («толтырылған»). Бұл қытай топониміне шамамен екі мың жылдай болған. Бұл атаудан бұрынғы кезде көлден ағатын өзендердің болғаны көрінеді, одан Шу өзені ағып шыққан екен. Өзеннің монғолша атауы – Темурту-Нор (дұрысырақ – Темір Нұр), яғни Темір.

Атаудың шығуына көл топырағындағы магнетиттің көп болуы себеп болыпты, одан жергілікті халық темірді ерітіп алған екен [2].

Тянь-Шань таулары аралығында орналасқан Ыстықкөл елдің ең басты рекреациялық байлығы болып есептеледі, оны "Тянь-Шаньның інжу-маржаны " деп атайды. Мұнда Қырғызстанның көрікті демалыс-сауықтыру орындары орналасқан.

Жағалық сызығының ұзындығы – 597 км. Көлге 50-ден астам шағын өзен құяды, олардың жылдық ағыны 3 км<sup>3</sup>. Ірілері – Жырғалаң, Түп. Ыстықкөл алабының аумағы 21,9 мың км<sup>2</sup>. Жағалары нашар тілімделген, терең шығанақтар шығыс және оңтүстік-шығыс жағалауында

ғана кездеседі. Климаты қоңыржай континенттік. Жағалауындағы ауаның температурасы шілдеде 16–17°C, қаңтарда –2° – 7°C. Жылдық жауын-шашын мөлшері 110–470 мм. Көл бетінен булану мөлшері – 700 мм. Күшті желдер жылдамдығы 30–40 м/с әсерінен көлде биіктігі 3–4 метрлік толқындар болады. Деңгейінің ауытқу амплитудасы 10–50 см. Суының беткі температурасы қаңтарда 2 – 3°C, шілде–тамызда 19 – 20°C. Қыста суы қатпайды, аязды жылдары шығанақтары ғана қатады. Мөлдірлігі – 12 м, тұздылығы – 5,8 ‰. Балықтың 20-дан астам түрі, әсіресе шабақ, сазан, көкбақ т.б. бар. Кеме жүзеді. Көл өңірінде 1958 жылы Ыстықкөл қорығы ұйымдастырылды. Басты порты –Балықшы.

Геологиялық құрылымы жағынан тектоникалық көл болып саналатын Ыстықкөлдің тереңдігі 702 метрге жетеді. Су көлемі көп болғандықтан, Ыстықкөл қыста қатпайды, көл атауы да сонымен байланысты. Көл айналасымен қоса, айрықша қорғауға алынған Ыстықкөл қорығының аумағына енеді. Ыстықкөл жағалауында жалпы саны 100- ден асатын демалыс орындары, емдеу-сауықтыру мекемелері орналасқан. Емдеу- сауықтыру мақсатында көлдің шипалы тұзды суы ғана емес, жағалаудағы емдік балшықтар да пайдаланылады. Ыстықкөл қазаншұңқырында минералды бұлақтар да өте көп. Атап айтсақ, Шолпан-Ата, Ыстық-ата, Жетіөгіз, Алтын-Арашан шипалы су көздері көпшілікке танымал.

Тауалды белдеуі мен орта таулы аудандарда етті-сүтті бағыттағы ірі қара мал, биік тауларда кодас өсіріледі. Жылқы малының саны салыстырмалы түрде көп (300 мың бас). Таулы аудандардағы шаруашылықтарда жергілікті халықтың сүйікті сусыны қымыз дайындалады. Ыстықкөл жағалауында асыл тұқымды жылқылар өсіретін шаруашылықтар бар [3].

Табиғаты бай Тянь-Шань өңірінің географиялық ерекшелігін бір мақала шеңберінде жан-жақты қарастыру мүмкін емес. Сол себепті де Тянь-Шань тау аңғарында орналасқан Ыстықкөлдің географиялық, топонимикалық сипатын біз барынша ықшамдап алып, мағынасын ашуға тырыстық.

Пайдаланылған Әдебиеттер Тізімі

Мариковский, П. И. В горах Тянь-Шаня [Текст] / Мариковский П. И. - Алма-Ата : Казахстан, 1981. - 128 с.

Горбунов Алдар, доктор географических наук. Центральная Азия: в мире географических имен [Мәтін]/ А.Горбунов. //Известия -2012. -31 октября (№206). -6-7 стр.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы[Мәтін]: Т. 9/Бас ред. Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 720 бет.

Иманбеков, М. Компаративистика Ч.Ч. Валиханова в иссык-кульском и кульджинском дневниках [Текст] / М.Иманбеков // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. - 2002. - №4. - С. 101-107